

Xiaomi Smart Standing Fan 2 Lite еден смарт-желдеткіші

Пайдаланушы нұсқаулығы



Құрылғының мақсаты

Бұл құрылғы үй-жайларды желдетуге арналған.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық

Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз — болашақта ол сізге қажет болуы мүмкін.

Сақтық шаралары

Орнату

- ⚠ Электр тогының соғуын, өртті, дене жарақатын немесе өзге де залалдың туындауын болдырмау үшін желдеткіштің нұсқаулыққа сәйкес тиісінше орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- ⚠ Желдеткіш жиналмаған болса, оны электр розеткасына қоспаңыз.

Желдеткішті қолдану

- ⚠ Желдеткішті жылжытпас бұрын оны өшіріп, ашасын электр розеткасынан алыңыз.
- ⚠ Желдеткіш тірегің құлап кетпеуі және денеге зақым келтірмеуі үшін мықтап ұстаңыз.

Желдеткішті пайдалану

- ⚠ Егер ол ерекше дыбыстар, жағымсыз иіс шығарса немесе біркелкі айналмаса, желдеткішті қолдануды дереу тоқтатыңыз.
- ⚠ Желдеткішке сүйенбеңіз және ол жұмыс істеп тұрғанда оны еңкейтпеңіз.
- ⚠ Ішкі механизмге зақым келтірмеу үшін желдеткіштің басын қатарынан бірнеше рет итермеңіз.

Қуат баусымы


- ⚠ Желдеткішті жөндеу немесе жылжыту алдында қуат баусымын розеткадан алыңыз.
- ⚠ Желдеткішті электр розеткасынан ажыратқан кезде әрқашан баусымды емес, ашаны ұстаңыз.
- ⚠ Егер қуат баусымы зақымдалған немесе жыртылған болса, жарақат алу қаупін болдырмас үшін оны өндірушіден немесе сатудан кейінгі қызмет көрсету бөлімінен сатып алынған түпнұсқа қуат баусымымен ауыстыру керек.

Ескертулер

Дұрыс емес пайдалану электр тоғы соғуына, өртке, дене зақымдарына немесе өзге де залалдың туындауына әкеп соғуы мүмкін.


- ⊗ Желдеткішті құлап кететін жерлерде немесе басқа орнықсыз заттардың жанында пайдаланбаңыз.
- ⊗ Жуынатын бөлме сияқты ыстық немесе ылғалды ортада желдеткішті пайдаланбаңыз.
- ⊗ Қуат баусымы зақымдалған болса немесе электр ашасы тығыз салынбаса, желдеткішті пайдаланбаңыз.
- ⊗ Егер алдыңғы қорғаныс торы орнатылмаған болса немесе артқы тор бекітілмеген болса немесе түсіп қалса, желдеткішті пайдаланбаңыз.
- ⊗ Желдеткішті қолдана алмайтын ересектерге немесе балаларға желдеткішті пайдалануға рұқсат бермеңіз.
- ⊗ Бұл желдеткішті бөлшектемеңіз және жөндемеңіз.
- ⊗ Талсымның ашылуына немесе сынуына жол бермеу үшін қуат баусымын шамадан тыс қыспаңыз, майыстырмаңыз немесе бұрамаңыз.
- ⊗ Пайдаланылған кезде желдеткіштің алдыңғы қорғаныс торына, артқы торына немесе қалақтарына саусақтарыңызды немесе қандай да бір заттарды салмаңыз.
- ⊗ Желдеткішке шаштың немесе матаның енуіне жол бермеңіз, олар желдеткішке оралып қалмау үшін.
- ⊗ Қолайсыз электр розеткаларын пайдаланбаңыз.
- ⊗ Қалыпты пайдалану жағдайында осы жабдықтың антеннасы мен пайдаланушының денесі арасында кемінде 20 см қашықтық сақталуы керек.

Жеткізу жиынтығы



1

Қозғалтқыш, тіректің жоғарғы жағы және қуат баусымы




2

Жинақтамадағы желдеткіш/алдыңғы қорғаныс торы, желдеткіштің жинақтамадағы қалақтары, артқы тор



3

Тіректің төменгі жағы



7

Тұқыр кілті



4

Зарядтау базасы



8

Электр қуат көзі түпқоймасының бұрандамасы x 1




5

Желдеткіштің қалақтар торабы тұтқасы



9

Желдеткіш торының бұрандасы x 1



6

Артқы тордың тұтқасы





10

Пайдаланушы нұсқаулығы


Ескертпе. Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы бұйымның, аксессуарлардың және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек ақпараттық мақсаттарда ғана ұсынылған. Аспаптың нақты сипаттамалары және оның функциялары өнімнің жақсаруына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Шолу




Орнату жөніндегі нұсқаулық

1-кезең: Зарядтау базасын орнату




1(1). Еден желдеткішінің вентилят режимі: тіректің төменгі жағын (3) тіректің жоғарғы жағына (1) жалғаңыз, осыдан кейін оны суретте көрсетілгендей зарядтау базасына (4) орнатыңыз.

1(2). Үстел желдеткіші режимі: тіректің жоғарғы жағын (1) тікелей зарядтау базасына (4) орнатыңыз.



2. Түпқойма бұрандамасын (8) зарядтау базасының төменгі бөлігіндегі тесікке салыңыз.




3. Жеткізу жиынтығына кіретін тұқыр кілтті (7) пайдаланып, тіректі зарядтау базасына (4) бекіту үшін базаның бұрандамасын (8) сағат тілі бағытымен бұраңыз.

Орнату жөніндегі нұсқаулық


2-кезең: Желдеткішті бөлшектеу

Желдеткішті (2) төмендегі суреттерде көрсетілгендей бөлшектеңіз: Алдыңғы қорғаныс торын (11) торлар жеткілікті босатылғанша сағат тіліне қарсы бұраңыз, осыдан кейін алдыңғы қорғаныс торын артқы тордан (13) алыңыз және желдеткіштің қалақтар торабын (12) алыңыз.




3-кезең: Артқы торды орнату

Артқы торды (13) қозғалтқышқа орнатқан кезде « ↑ » белгісі міндетті түрде жоғары қаратылуы тиіс, сондай-ақ артқы тордың тұтқасын (6) сағат тілі бағытымен қозғалтқышқа қарай бұру керек.



4-кезең: Желдеткіштің қалақтар торабын орнату


Желдеткіштің қалақтар торабының орталық тесігін (12) қозғалтқыш білігіне қатысты туралаңыз және желдеткішті білікке орнатыңыз, осыдан кейін қозғалтқыш білігіне желдеткіштің қалақтар торабының тұтқасын (5) орнатыңыз. Желдеткіштің қалақтар торабын білікке бекіту үшін тұтқаны сағат тіліне қарсы бұраңыз.



Орнату жөніндегі нұсқаулық


5-кезең: Алдыңғы торды орнату

1. Алдыңғы қорғаныс торының үйлестіру белгісін (11) артқы тордың сол жақ үйлестіру белгісімен туралаңыз. Алдыңғы тордың артқы торға (13) дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
2. Алдыңғы тордың үйлестіру белгісі артқы тордың оң жақ үйлестіру белгісімен тураланғанша алдыңғы қорғаныс торын сағат тілі бағытымен бұраңыз. Торларды міндетті түрде мықтап бекітіңіз.



6-кезең: Алдыңғы торды бекіту


Желдеткіш торының бұрандасын (9) желдеткіш торының төменгі жағындағы тесікке салыңыз. Бұранданы қатайту үшін оны жеткізу жинағына кіретін тұқыр кілті (7) көмегімен сағат тілі бағытымен бұраңыз.



Нұсқаулық


Қуат көзіне қосылу

Қуат баусымын желілік розеткаға қосыңыз. Дыбыстық сигнал желдеткіштің сәтті іске қосылғанын білдіреді.




Қосу/ өшіру

Қосу


Желдеткішті іске қосу үшін  батырмасын басыңыз. Бірінші рет қосқан кезде әдепкі бойынша баяу жылдамдық (1) орнатылады.

Өшіру

Желдеткіш жұмыс істеп тұрған кезде, тоқтату үшін  батырмасын басып тұрыңыз.

Жылдамдықты/жұмыс режимін ауыстыру

Жылдамдықты ауыстыру


Жылдамдықты реттеу үшін  батырмасын басыңыз. Өр басқан сайын тиісті күй индикаторы жанады (төмендегі кестені қараңыз). Желдеткіш келесі рет қосылған кезде соңғы пайдаланылған жылдамдық режимін есте сақтайды және қолданады.

Желдеткіш жылдамдығы	Баяу (1)	Орташа (2)	Жылдам (3)
Индикатор күйі	***	**•	***

Ескерте: * индикатор қосылу дегенді білдіреді; • индикатор өшірілі екенін білдіреді.


Пайдалану

Режимдерді ауыстыру


Тікелей үрлеу және ұйқы режимдері арасында ауысу үшін  батырмасын басып, ұстап тұрыңыз. Ұйқы режимінің индикаторы желдеткіш ұйқы режимінде болғанда қосылады және желдеткіш тікелей үрлеу режимінде болғанда өшіріледі.

Ескертпе. Өлшеп бойынша желдеткіште тікелей үрлеу режимі орнатылған. Желдеткіш келесі рет қосылған кезде соңғы пайдаланылған режимді есте сақтайды және қолданады.

Бұрылысты қосу/өшіру

Бұрылысты 90° қосу немесе өшіру үшін  батырмасын басыңыз. Желдеткіш келесі рет қосылған кезде соңғы пайдаланылған бұрылысты есте сақтайды және қолданады.

Өшіру кідірісі


Кідіріс уақытының кезектілігін ауыстыру үшін  батырмасын басыңыз: 1 сағат, 2 сағат, 3 сағат және өшір., бұл жағдайда тиісті күй индикаторы жанады (төмендегі кестені қараңыз). Өшіруді кідірту функциясын қолданған сәттен бастап бес секунд ішінде күй индикаторы(-лары) қазіргі уақытта таңдалған жылдамдықтың тиісті күйін көрсетеді.

Жоспарланған күй	Өшірулі	1 сағат	2 сағат	3 сағат
Индикатор күйі	•••	*••	**•	***

Ескертпе. * индикатор қосылу дегенді білдіреді; • индикатор өшірілуі екенін білдіреді. Өшіруді кідірту параметрлерін Mi Home қолданбасында көбірек (8 сағатқа дейін) қолдануға болады.

Ауа ағынының бағытын реттеу

Ауа ағынын жоғары немесе төмен бағытта реттеу үшін желдеткіштің басын немесе торын абайлап көтеріңіз немесе оны төмен басыңыз.





Mi Home қолданбасына қосылыңыз

Егер қолданба орнатылған болса, сіз қосылым баптаулары бетіне қайта бағытталасыз. Немесе қолданбаны жүктеу және орнату үшін App Store дүкенінен "Mi Home" сұрауы бойынша іздеңіз.



Ескертпе. Қолданба нұсқасы жаңартылуы мүмкін. Қолданбаның ағымдағы нұсқасы үшін нұсқауларды орындаңыз.

Wi-Fi қосылымы

Бір уақытта  және  батырмаларын басып, ұстап тұрыңыз. Егер сіз дыбыстық сигналды естісеңіз, бұл желдеткіш қосылымды күтеді дегенді білдіреді, осыдан кейін қолданба арқылы ол мен құрылғы арасында байланыс орнатуға болады.

Нұсқаулық



Wi-Fi сымсыз желісі индикаторының күйі

Wi-Fi сымсыз желісінің күйі	Қосылуды күту	Қосылу	Қосылу орнатылған	Қосылуды орнату мүмкін емес
Индикатор күйі	Қызғылт сары түспен жыпылықтайды	Көк түспен жыпылықтайды	Көк	Қызғылт сары



Wi-Fi арылту

Төмендегі кестеде көрсетілген жағдайлар туындаған кезде Wi-Fi байланысын арылту керек.



Желдеткіш қосылымы орнатылған Mi есептік жазбасы өзгертілді.
Желдеткіш қосылымы орнатылған маршрутизатор өзгертілді.
Желдеткіш қосылымы орнатылған маршрутизатордың есептік жазбасы немесе құпиясөзі өзгертілді.
Mi Home желдеткішті басқара алмайды.

Бір уақытта  және  батырмаларын басып, ұстап тұрыңыз. Ұзақ дыбыстық сигнал шығады, яғни Wi-Fi қосылымы сәтті арылып, Wi-Fi қосылымды күтеді.

Wi-Fi қосылымын қосу/өшіру

Желдеткіш жұмыс істеп тұрған кезде  және  батырмаларын бір уақытта басыңыз, Wi-Fi қосылымы өшіп, желдеткіш өшеді. Желдеткіш қосылған кезде Wi-Fi қосылымы автоматты түрде қосылады.

Балалардан бұғаттау

Балалардан бұғаттау функциясын өшіру үшін Mi Home қолданбасындағы Mi 2 еден смарт-желдеткіші бетіне өтіңіз немесе ұзын дыбыстық сигнал естілгенше  және  батырмаларын бір уақытта басып, ұстап тұрыңыз.

Ескерте. Бұл функция Wi-Fi ажыратылған, желдеткіш ажыратылған немесе қайта қосылған кезде де өшіріледі.

Ақаулықтарды жою

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Желдеткіш жұмыс істемейді	Электр розеткасында электр жоқ немесе желдеткіш қуат көзіне қосылмаған.	Желдеткіштің талаптарына сәйкес келетін электр розеткасына қосылыңыз.
	Желдеткіштің қалақтар торабы немесе торлар дұрыс орнатылмаған.	Тексеруді орындау үшін пайдаланушы нұсқаулығындағы қадамдарды орындаңыз және желдеткіштің қалақтар торабы сенімді орнатылғанына көз жеткізіңіз.
	Балалардан бұғаттау қосылған.	Mi Home қолданбасында балалардан бұғаттауды өшіріңіз немесе желдеткішті қуат көзінен ажыратыңыз, осыдан кейін қайта қосыңыз.
Wi-Fi қосылымды орната алмайды	Wi-Fi 5 ГГц жиілікте жұмыс істейді.	2,4 ГГц Wi-Fi қосылымына қосылыңыз.
	Желдеткіш жарты сағаттан астам уақыт бойы автономды режимде.	Wi-Fi арылту.
Желдеткіштің қалақтары кептеліп қалды	Желдеткіштің қалақтарында бөтен зат кептеліп қалды.	Ашаны розеткадан шығарып, бөтен затты алыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Атауы	Mi 2 Lite еден смарт-желдеткіші	Номиналды кернеуі	220-230 В~	Қуат баусымының ұзындығы	1,6 м
Үлгі	JLLDS01XY	Номиналды жиілігі	50/60 Гц	Сымсыз қосылым	Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n 2,4 ГГц
Түрі	Айнымалы ток еден желдеткіші	Номиналды қуаты	38 Вт	Бұйымның өлшемдері	343 × 330 × 1000 мм
Жалпы салмағы	4,5 кг	Таза салмағы	3,5 кг	Шудың әсері	≤58 дБ(А)

Техникалық сипаттамалары

Өнім туралы ақпаратқа қойылатын талаптар	Сынақ деректері
Желдеткіш ағынының максималды жылдамдығы (F)	32,2 м³/мин
Желдеткіштің тұтыну қуаты (P)	36,9 Вт
Қызмет көрсету мәні (ҚҚМ)	0,87 (м³/мин)/Вт
Ауа ағынының максималды жылдамдығы©	3,2 м/сек
Қызмет көрсету мәнін өлшеу стандарты	EN IEC 60879:2019
Қуту режиміндегі қуат тұтыну (PSB)	0,57 Вт
Желдеткіштің дыбыстық қуат деңгейі (LWA)	56 дБ (А)
Электр энергиясын маусымдық тұтыну (Q)	12,45 кВтч/год
Қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері	Чжэцзян Синьюй Электрик Эквипмент Ко., Лтд. Оңтүстік жағы, 24 қаб., Цзиньпинь ғим., Орталық кеңсе, Юнкан қ., Чжэцзян пров., Қытай

Толығырақ электронды нұсқаулықты www.mi.com/global/service/userguide мекенжайы бойынша қараңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Синьюй Электрик Эквипмент Ко., Лтд.

Оңтүстік жағы, 24 қаб., Цзиньпинь ғим., Орталық кеңсе, Юнкан қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН»,

г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,

Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

TM: Mi.

Тауар төмендегілердің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы» 004/2011 КО ТР Кеден одағының техникалық регламентінің.
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» 020/2011 КО ТР Кеден одағының техникалық регламентінің.

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жинақталымы алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

КЕПІЛДІК ХАБАРЛАМА

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ бұйымның материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан жабдық элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және көдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының жиынтығына кіретін батареяның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Құрылғы мен батареяны көдеге жарату қалдықтардың бақыланбайтын тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға ықтимал зиян келтірмеу үшін қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны көдеге жаратыңыз.

Тауарды дайындау күні қаптамада көрсетілген.



